ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 11 ақпан №7119-25-00-2/558 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья Алиев Б.Т. оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі карады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«ElordaEcoSystem» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«Абиева» жеке кәсіпкері Басшысы Ж.К. Абиева
«Nova1» ЖШС

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Астана қаласы әкімдігінің «Elorda Eco System» ШЖҚ МКК (бұдан әрі – Тапсырыс беруші) және «Абиева» ЖК (бұдан әрі - Өнім беруші) арасында жалпы сомасы 329 544 (үш жүз жиырма тоғыз мың бес жүз қырық төрт) теңгеге тауарды (кабельдерге арналған қосқыш муфта) жеткізуге 2024 жылғы 06 қарашадағы № 752 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - Шарт) жасалды.

Шарттың 1.1-тармағының негізінде Өнім беруші тауарды осы Шартқа оның ажырамас бөлігі болып табылатын талаптарға және осы Шарттың қосымшаларында көрсетілген бағалар бойынша жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда, көрсетілген қызметті қабылдауға және осы Шарттың талаптарында ол үшін төлеуге міндеттенеді.

Шарттың 8.1-тармағына сәйкес Шарт қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

Шарттың 1-қосымшасына сәйкес Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша қызмет көрсету мерзімі күнтізбелік 15 жұмыс күн құрайды. Өтінім 2024 жылдың 03 желтоқсан берілді.

Сканировано с CamScanner

ҚР АК-нің 173-бабына сәйкес, уақыт кезеңімен айқындалатын мерзімнің өтуі оның басталуы айқындалған күнтізбелік күннен немесе оқиға басталғаннан кейінгі келесі күні басталады.

Азаматтық заңнаманың жоғарыда көрсетілген нормаларынан шығатыны, Жауапкер 2024 жылғы 18 желтоқсанға дейін (қоса алғанда) тауарды жеткізуге міндетті болған. 2024 жылғы 19 желтоқсаннан бастап жеткізу мерзімі бұзылады.

19.12.2024 ж. тауарды жеткізу мерзімдерінің бұзылуына байланысты Тапсырыс беруші Өнім берушіге мемлекеттік сатып алу веб-порталында шартты бұзу туралы хабарламаны біржақты тәртіппен орналастыру арқылы 02.01.2025 ж. дейін (қоса алғанда) шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат беруді және өзіне алған міндеттемелердің толық және тиісінше орындалуын қамтамасыз етуді ұсынды. Жеткізуші бұл хабарламаға жауап бермеді.

Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір басқа санкцияларға нұқсан келтірместен Шарттың 8.6-тармағының негізінде Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, егер Өнім беруші белгіленген мерзімде қызметтер көрсете алмаса, Шартта көзделген және/немесе егер Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындай алмаса міндеттемелерді орындамағаны туралы Өнім берушіге жазбаша хабарлама жібере отырып, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

19.12.2024 ж. жазбаша хабарламада Тапсырыс беруші Жеткізушіге Тапсырыс берушінің шарттық міндеттемелерді 02.01.2025 ж. дейін орындау талаптары орындалмаған жағдайда, шарт біржақты тәртіппен бұзылған деп есептелетінін хабарлады. 2024 жылғы 30 желтоқсанда Шарт біржақты тәртіппен бұзылды.

Шарттың 7.4-тармағына сәйкес Өнім беруші тауарды жеткізуден бас тартқан немесе тауарды кешіктірген немесе қызмет көрсетуді мерзімі өткен жағдайда шарт бойынша қызмет көрсету мерзімі өткен күннен бастап бір айдан астам мерзімге, бірақ шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен кешіктірмей Тапсырыс беруші Өнім берушіден тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) осы Шарттың әрбір күні үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде сомасын өндіріп ала отырып, осы Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 43-бабының 24-тармағында Жеткізуші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) өндіріп алуды қамтамасыз ететіні көзделген.

Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) тиісті бюджеттің, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорынның, заңды тұлғаның немесе олармен үлестес заңды тұлғалардың кірісіне есептеледі.

Документ подписан Алиев Б. Т., 11.02.2025

7119-25-3-1/366

Сканировано с CamScanner

Жауапкер талапкерге шарт бойынша міндеттемені орындамағаны үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тауарды жеткізу мерзімін кешіктірген әрбір күн үшін 3 630 (үш мың алты жүз отыз) теңгені құрайтын Шарттың шарттық тұрақсыздық айыбын мынадай есеп айырысуға сәйкес төлеуге тиіс:

1. Шарттың жалпы сомасы = 329 544 теңге;
2. Тауарды жеткізу мерзімдерін кешіктіру күндерінің саны: 11 күн (19.12.2024 ж. бастап 30.12.2024 ж. дейін) (тоқтату күні) ;
3. 329 544 *0,1%=330 теңге күніне;
4. Тұрақсыздық айыбының мөлшері = 330*11 күн=3 630 теңге.

Шарттың 11.1-тармағына сәйкес. Талапкер сотқа дейінгі реттеу шеңберінде тікелей келіссөздер процесінде келіспеушіліктер мен дауларды шешу үшін барлық күшін салды.

Алайда, бұл келіссөздер қажетті нәтижеге әкелмеді және жауапкер шарт бойынша өз міндеттемелерін шартта белгіленген мерзімде орындамады және осы уақытқа дейін тауар жеткізбеді, сондай-ақ шарттық тұрақсыздық айыбын төлемеді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - ҚР АК) 271-бабына сәйкес міндеттемелердің туындау негіздерінің бірі шарт болып табылады.

ҚР АК-нің 272-бабының талаптарына сәйкес міндеттеме міндеттеме шарттарына және заңнама талаптарына сәйкес, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған кезде – іскерлік айналым әдет-ғұрыптарына немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес тиісінше орындалуы тиіс.

ҚР АК-нің 293-бабына сәйкес, борышкер міндеттемені орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, атап айтқанда, орындау мерзімі өткен жағдайда кредиторға төлеуге міндетті заңнамада немесе шартта айқындалған ақшалай сома тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) деп танылады. Тұрақсыздық айыбын төлеу туралы талап бойынша кредитор оған келтірілген залалды дәлелдеуге міндетті емес.

ҚР АК-нің 298-бабының ережелеріне сәйкес, міндеттемені бұзғаны үшін борышқор жауапқа тартылатын жағдай болған кезде міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін айып өндіріп алынады.

2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі-заң) 12-бабы 4-тармағының 3-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі олармен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 12-бабы 4-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі

Электронный документ сгенерирован в ЭСГД ГУ 18.03.2025 Сулы Алмас Б. Т. 20.03.2025

Сканировано с CamScanner

туралы өзіне белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотқа талап-арызбен жүгінуге міндетті.

Заңның 12-бабы 5-тармағына сәйкес осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген соттардың шешімдері негізінде қалыптастырылады.

Жауапкерлер уақытылы қызмет көрсетпегенін және техникалық ерекшелікке сәйкес келмегенін ескере отырып, Шарт оның талаптарына сәйкес біржақты тәртіппен бұзылды, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу үшін негіздер бар.

Белгіленген жағдайларды талдай отырып, сот талапкердің талаптарын қанағаттандыру туралы қорытындыға келеді.

АІЖК-нің 72-бабына сәйкес әрбір Тарап өзінің талаптары мен қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғау құралдарын пайдалануға, фактілерді бекітуге, даулауға, судья белгілеген мерзімдерде дәлелдемелер мен дәлелдемелерге қарсы қарсылықтар келтіруге тиіс, олар процестің адал жүргізілуіне сәйкес келеді және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған.

АІЖК-нің 224-бабының 2-бөлігіне сәйкес сот шешімді Тараптар ұсынған және сот отырысында зерттеген дәлелдемелерге ғана негіздейді және АІЖК-нің 15-бабының 3-бөлігі негізінде сот істің нақты мән-жайларын белгілеу мақсатында өз бастамасы бойынша дәлелдемелерді жинаудан толық босатылған.

Жауапкер соттың назарына лайық басқа да дәлелдер мен дәлелдемелерді сотқа ұсынбаған, жорамалдарға негізделген және оларды қабылдау мүмкін емес, өйткені Жоғарғы Соттың 2003 жылғы 11 шілдедегі №5 «сот шешімі туралы» нормативтік қаулысының 11-тармағына сәйкес шешім істің мән-жайлары туралы болжамдарға негізделмеуі мүмкін.

Істің материалдық және іс жүргізу құқығы нормаларының талаптарына сәйкес келетін нақты мән-жайлары талап қоюды қанағаттандыру туралы шешім шығаруға негіз болып табылады.

Мұндай жағдайларда талап қанағаттандырылуға жатады.

Мемлекеттік бажды төлеу жөніндегі сот шығыстары АІЖК-нің 109 бабына сәйкес өндіріліп алынуға тиіс,

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің, 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Документ подписан: Алиев Б. Т., 11.02.2025

7119-25-3-1/366

Сканировано с CamScanner

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «ElordaEcoSystem» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны жауапкерлер «Абиева» жеке кәсіпкері Басшысы Ж.К. Абиева «Nova1» ЖШС мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Абиева» Басшысы Ж.К. Абиева мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Абиева» Басшысы Ж.К. Абиева «ElordaEcoSystem» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны пайдасына 3 630 (үш мың алты жүз отыз) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 109 (жүз тоғыз) теңге мөлшерінде төленген мемлекеттік баж өндірілсін.

«Nova1» ЖШС мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Nova1» ЖШС«ElordaEcoSystem» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны пайдасына 3 360 (үш мың үш жүз алпыс) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 101 (бір жүз) теңге мөлшерінде төленген мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Алиев Б.Т.**

Көшірмесі дұрыс
Судья **Алиев Б.Т.**

Анықтама: 18.03.2025 жылы күшіне енді
Судья **Алиев Б.Т.**

Дата вступления в законную силу: 18.03.2025, Судья Алиев Б.Т. 20.03.2025

Сканировано с CamScanner